



Семей қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 4 мамырдағы № 793 "Семей қаласының барлық кандидаттары үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Абай облысы Семей қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 7 қарашадағы № 1021 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 12 қарашада № 367-18 болып тіркелді

Семей қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Семей қаласы әкімдігінің "Семей қаласының барлық кандидаттары үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" 2019 жылғы 4 мамырдағы № 793 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5918 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Абай облысы Семей қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулының Семей қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Семей қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласы әкімі

Н. Нурсағатов

"КЕЛІСІЛДІ":

Семей қаласының
аумақтық сайлау
комиссиясы

Семей қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 7 қарашадағы
№ 1021 қаулыға
қосымша

Семей қаласындағы барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

--	--

№	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1.	Құтжанов көшесі, 1, № 29 ЖОББМ жанында
2.	Қашағанов көшесі, 1, университет спорт кешенінің жанында
3.	35 квартал, 18 Г, ОДА № 4 жанында
4.	Ағайынды Мусиндер көшесі, 19, № 31 ЖОББМ жанында
5.	Абай көшесі, 73, Балалар мен жастар шығармашылығы сарайы жанында
6.	Посмаков көшесі, 70, Мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттік филиалының жанында
7.	Қ. Мұхамедханов көшесі, "Орталық алаң" аялдамасы ауданында
8.	Абай Құнанбаев көшесі, "Медицина Университеті" аялдамасы ауданында
9.	Дулатов көшесі, "Жансая" аялдамасы ауданында
10.	Әуезов даңғылы, "Новостройка" аялдамасы ауданында
11.	З. Белібаев көшесі, 34, "Дальняя" аялдамасы ауданында
12.	Восточный кенті, "Қамбар" сауда үйінің ауданында
13.	Центральная көшесі, "Бобровка" аялдамасы ауданында
14.	Глинки көшесі, 16 А, "Көктем" сауда орталығы ауданында
15.	Шәкәрім даңғылы, "Орталық" аялдамасы ауданында
16.	Селевин көшесі, 24, № 35 ЖОББМ жанында
17.	Қ. Мұхамедханов көшесі, 40, Көлік колледжінің жанында
18.	Юность көшесі, 80 А, "Ертөстік" балабақшасының жанында
19.	Юность көшесі, 25/1, "Наурыз" сауда орталығының жанында
20.	Парк аллеясы көшесі, 1, Құрылыс колледжінің жанында
21.	Байтұрсынов көшесі, 38/1, № 5 көпсалалы гимназияның жанында
22.	Пржевальский көшесі, 16 А, № 38 мектеп-лицейінің жанында
23.	Б. Момышұлы көшесі, 57, № 28 ЖОББМ жанында
24.	Молодогвардейская көшесі, 48/1, № 33 ЖОББМ жанында
25.	Ұшақтар шағынауданы, 1, № 49 ЖОББМ жанында
26.	Спартак көшесі, 1, № 11 ЖОББМ жанында
27.	6-линия көшесі, 18 А, № 47 ЖОББМ жанында

28.	Левый Восточный кенті, 290 А, № 45 ЖОББМ жанында
29.	Ш. Уәлиханов көшесі, 150, Педагогикалық колледждің жанында
30.	Степной кенті 13/1, № 46 ЖОББМ жанында

ЖОББМ - жалпы орта білім беретін мектеп

ОДА - отбасылық дәрігерлік амбулатория

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК